

Төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық аудандық комиссия туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімиятының 2002 жылғы 12 мамырдағы N 198 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 21 наурызда N 1169 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 569 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2007.04.18 N 569 хатымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Төтенше жағдайларды алдын-алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия туралы" 1996 жылғы 3 мамырдағы N 553 қаулысының негізімен және осы мәселе жөніндегі облыстық әкімияттың 2002 жылғы 11 ақпандағы N 75 қаулысын іске асыру мақсатында, Бесқарағай аудандық әкімияты **ҚАУЛЫ етеді:**

1. Төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық аудандық комиссия құрамы құрылсын (N 1 қосымша).
2. "Төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық аудандық комиссия туралы" Ереже бекітілсін (N 2 қосымша).
3. Төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық аудандық комиссияның, оның міндетіне жататын мәселелер жөніндегі шешімін аудан аумағындағы жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар орындауға міндетті.
4. Аудан әкімі аппаратының басшысына төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық аудандық комиссия жұмысын ұйымдастыру-техникалық жағынан қамтамасыз етуді шешсін.
5. Ауылдық округтері әкімдері төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөнінде ауылдық ведомствоаралық комиссия құрсын, оған басшылық жасау әкімдерге жүктелсін.
6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі көмекшісі - Т. Н. Глазинскийға жүктелсін.
7. Осы қаулының қабылдануына байланысты, аудан әкімінің 1997 жылғы 10 қарашадағы N 97-2 шешімі күшін жойды деп саналсын.

8. Осы комиссия құрамы Бесқарағай аудандық мәслихатқа бекітуге енгізілсін.

Аудан әкімі
Бесқарағай аудандық әкімияттың
2002 жылдың 12 маусымындағы
N 198 қаулысына N 1 қосымша

**Төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі
ведомствоаралық аудандық комиссияның дербес құрамы**

Баймулдинов Ондасын Дәулетович	аудан әкімінің бірінші орынбасары, комиссия төрағасы
Козинский Владимир Михайлович	аудан әкімі аппаратының басшысы, комиссия төрағасының орынбасары
Глазинский Тимофей Николаевич	аудан әкімінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі көмекшісі, комиссия хатшысы
комиссия мүшелері:	
Ысқақов Қанағат Құсманович	аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы
Панюков Дмитрий Валерьевич	54 - өрт сөндіру бөлімінің бастығы
Шегебаев Марат Жақсылықович	аудандық орталық аурухананың бас дәрігері
Смағұлов Самат Абайкенович	аудандық санитарлық эпидемиологиялық станцияның бас дәрігері
Шабданов Әсет Серікқазиевич	ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармасының бастығы
Момынжанов Бағдат Қапанович	аудандық телекоммуникация торабының бастығы
Куликова Людмила Петровна	аудандық электр жүйесінің бастығы
Касатчиков Владимир Алексеевич	"Дорожник" ЖШС-нің бастығы
Сқақова Майра Жақыполдиновна	аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі
Байманов Төлеміс Досқалиевич	аудан әкімі аппаратының ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы
Айтжанов Темірболат Қожағұлович	аудандық МАИ бастығы
Әбенев Біржан Қалибекович	аудандық әскери комиссар
Баталов Бауыржан Жекенович	аудандық білім бөлімінің меңгерушісі
Айтқазин Секерхан Ахметханович	"Водник" мемлекеттік кәсіпорнының бастығы
Яременко Иван Петрович	аудан әкімі аппаратының экономика бөлімінің бас маманы

*Аудан әкімінің азаматтық
қорғаныс және төтенше
жағдайлар жөніндегі көмекшісі*

**Төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі
ведомствоаралық аудандық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық аудандық комиссия (одан әрі комиссия) ведомствоаралық үйлестіру органы болып саналады, ол апаттармен, стихиялық және басқа да апаттардың салдарынан болған төтенше жағдайларды жою шеңберінде біртұтас мемлекеттік саясаттарды ұйымдастыру мен өткізу мақсатында құрылған.

2. Комиссия, аудан әкімі жанындағы тұрақты орган болып саналады, ол оның дербес құрамын айқындап, бекітеді. Комиссия төрағасы болып аудан әкімінің орынбасарларының бірі бекітіледі. Комиссияның, оның өкілеттігі мәселесі жөніндегі шешімін барлық жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар орындауға міндетті.

3. Комиссия құрамына қоршаған ортаның, адамдар мен малдардың жағдайларын, пайда болған төтенше жағдайлардың жойылуын бақылайтын аудандық ұйымдардың басшылары мен мамандары енгізіледі.

4. Комиссия өзінің өкілеттілігін аудан аумағындағы меншік нысанына және ведомстволық қарамағына қарамастан, барлық ұйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындармен бірлесе отырып іске асырады.

5. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) стихиялық және басқа да апаттардан, сұрапыл бүліншіліктердің салдарынан болған төтенше жағдайларды жою саласында біртұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүргізу;

2) комиссияның құзырына енетін мәселелер бойынша аудан әкімінің қаулылары мен шешімдері және басқа да нормативтік актілері жобаларын өңдеу, сондай-ақ көрсетілген құжаттардың жобаларын қарап, белгіленген тәртіп бойынша аудан әкімі аппаратына тапсыру жөніндегі атқарушы өкілетті мемлекеттік органдардың, қызметін үйлестіру;

3) стихиялық және басқа да апаттардың, сұрапыл бүліншіліктердің салдарынан болған төтенше жағдайлардан аудан тұрғындарын және аумақты қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық, ұйымдастыру-техникалық және басқа да шаралар жүйелерін ұйымдастыру бойынша, оған профилактикалық шараларды өткізуге және шығындарды

толтыру іс-шараларын өткізудің шұғыл қажеттілігі жағдайында резервтер ұйымдастыруды қоса отырып, ұсыныстар дайындау, төтенше жағдайларда, оларды жою мен зардап шеккендерге көмектер көрсету істеріне арналған күштер мен қаражаттарды пайдалану;

4) төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жоюға арналған күштер мен қаражаттарды құру мен дамыту шеңберінде біртұтас техникалық саясатты жүргізу;

5) төтенше жағдайларды ескертуге, төтенше жағдайлардан тұрғындарды, аудан аумақтарын қорғауға бағытталған аудандық белгілі мақсаттағы бағдарлама жобасын дайындауды ұйымдастыру және осы бағдарламаның орындалуы жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

6) стихиялық және басқа да апаттардың салдарынан, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою кезінде зардап шеккен азаматтарды медициналық қамтамасыз ету, құқықтық қорғау және әлеуметтік экономикалық қорғау мәселелері бойынша аудандық ұйымдардың және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру;

7) төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі мәселелер бойынша аудандық және Қазақстан Республикасының және Алтай өлкесінің аумақтық органдарымен бірлесе отырып қызмет атқару және тәжірибелерімен алмасу бағыттарын айқындау.

6. Комиссия мынаған құқылы:

1) өз құзыры шеңберінде шешім қабылдауға, барлық аудандық, аумақтық және ведомстволық басқарма органдары мен мемлекет иелігіндегі жергілікті органдарға, меншік нысанына қарамастан аудан аумағында орналасқан кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарға және басқа да шаруашылық етуші құрылымдарға орындауға хаттамалық түрде міндеттер жүктеуге;

2) комиссияның құзырына тиесілі қажетті нормативтік, заңнамалық актілерді өңдеуге қатысу және ұсыныс енгізуге;

3) төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі комиссия жұмыстарына, сондай-ақ ауыл әкімдерімен, аудандағы ұйымдардың басшыларымен және шаруашылық етуші құрылымдармен төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою мәселелері бойынша нормативтік талаптардың, іс-шаралардың және мақсаттық бағдарламалардың орындалуына тексеру жүргізу және бақылауды іске асыруға;

4) өз отырысында ауылдық әкімдіктердің, аудандық ұйымдар мен шаруашылық етуші құрылымдар басшыларының есеп беру ақпараттарын тыңдауға, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою мәселелері бойынша орындауға тапсырмалар мен нұсқаулар беруге;

5) меншік нысанына қарамастан жергілікті атқарушы органдардан, аудандық

ұйымдар мен шаруашылық етуші құрылымдардан комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыруға арналған материалдар мен ақпараттарды сұрауға;

б) меншік нысанына қарамастан аудандық ұйымдар мен акционерлік қоғамдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың мамандарын төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою мәселесі бойынша шұғыл және басқа да жұмыстарды орындауға қатыстыруға;

7. Комиссия өз қызметін өзінің төрағасымен бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады, комиссия отырысы қажетті жағдайда, бірақ тоқсан сайын бір рет өткізіледі.

Комиссияның отырысы кезіндегі шешімдер, оның төрағасымен немесе оның орынбасарымен, аудан аумағында орындалуға тиісті міндеттерге, нұсқаулар мен тапсырмаларға сәйкес қабылданады.

8. Аудан әкімі аппаратындағы штаттық саны шеңберінде төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою азаматтық қорғаныс мәселесі жөніндегі комиссия хатшысының міндеті аудан әкімінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі көмекшісіне, төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық аудандық комиссияның және ауылдық округтердегі комиссияның жұмыстарын үйлестіру, ауданда төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі біртұтас мемлекеттік саясаттың жүргізілуіне бақылау жасауды жүктей отырып міндеттеледі.

9. Комиссияның ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету жұмысы аудан әкімі аппараты үшін белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

10. Комиссияның іс-шараларын қаржыландыру аудандық бюджеттің, салалардың және басқа да қаржылық көздердің қаражаттары есебінде жүзеге асырылады.

11. Төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттерге тікелей басшылық жасау кезінде комиссия төрағасы мыналарға құқылы:

1) жергілікті өкілетті және басқарма органдарымен бірлесе отырып, төтенше жағдайлардың сипатындағы апат ауданында азаматтарды қоныстану тәртібімен, олардың өзін-өзі ұстау тәртібін белгілеуге;

2) ауданда, олардың біреудің тиесілігіне қарамастан бар қажетті мөлшердегі көліктер, құтқарушылар, қалпына келтірушілер, медициналық және басқа да күш қуаттарды және құралдарды қатыстыруға;

3) қажетті мөлшерде материалды-техникалық, медициналық, азық-түліктік және басқа да ресурстар қорларын пайдалануға, сондай-ақ тартылған қаражаттар есебінде, оның ішінде бюджеттен қажетті қорлар ұйымдастыру бойынша шешім қабылдауға;

4) төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөнінде жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпеген қандай да босын лауазымды

тұлғаны басшылық жасаудан шеттетуге, оны белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тартуға немесе қызметінен босатуға.

12. Комиссия төрағасы комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді және өз араларындағы, орынбасары мен оның мүшелері арасындағы міндеттерді бөледі.

13. Комиссия төрағасы төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия отырысында комиссияға басшылық жасау іс-қимылдарына қатысты мәселелерді қарауға қатысады.

*Аудан әкімінің азаматтық
қорғаныс және төтенше
жағдайлар жөніндегі көмекшісі*